

Тілдер мерекесіне арналған іс-шаралар

20 қыркүйек күні «Ертегілер әлемінде» тақырыбы бойынша қазақша ертегілер қояндан 2сыныптар арасында байқау болып өтті. Байқау барысында 2а сыныбы «Байлық пен ақыл ертегісі», 2ә сыныбы «Аңқау арыстан», 2б сыныбы «Алдаркөсе және мақтаншақ бай», 2в сыныбы «Адам мүшелері» атты ертегілерді қойды. Байқаудың нәтижесі бойынша I орында 2б сыныбы, II орынды-2ә сыныбы, III орынды 2а,2в сыныптары иеленді.



21 қыркүйек күні білім алушыларды білімді, жан - жақты болуға баулу, жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға, көшбасшылық қабілеттерін ояту, білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу мақсатында «Мәңгілік ел бұл - Тарих. Мәдениет пен ел бірлігі» тақырыбында 5сынып білім алушылармен интеллектуалдық сайыс болып өтті. Сайыс бірнеше бөлімнен тұрды, нәтижесінде I орынды 5 ә сыныбы – «Мереке» тобы, II орынға 5 а сыныбы – «Дарындылар» тобы, III орынды 5 б сыныбы – «Қыран» тобы иеленді.



22 қыркүйек күні «Мемлекеттік тіл-менің тілім» атты тілдер мерекесіне орай мерекелік шара болып өтті. Шара барысында қойылымдар қойылып, әндер орындалып, үш тілде ақындардың өлеңдері оқылды.



Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық беріледі. Тілдер мерекесіне орай сынып сағаттары болып өтті.

